

ДОКУМЕНТ

Басты бет / Заңнама / Заңнама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы Астана қаласында Сауд Арабиясы Корольдігі Елшілігінің объектілерін салу үшін жер учаскесін беру туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 14 қаңтардағы № 387-IV Заны

Қайта оралу

2009 жылғы 4 ақпанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы Астана қаласында Сауд Арабиясы Корольдігі Елшілігінің объектілерін салу үшін жер учаскесін беру туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд
Арабиясы
Корольдігінің Үкіметі арасындағы Астана қаласында
Сауд Арабиясы
Корольдігі Елшілігінің объектілерін салу үшін жер
учаскесін
беру туралы келісім
(2011 жылғы 10 сәуірде күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық
шарттары Бюллетені,
2011 ж., № 3, 35-құжат)

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі
екі ел арасында дәстүрлі достастық қарым-қатынастарды

нығайту, Сауд Арабиясы Корольдігі Елшілігінің Қазақстан Республикасында болуының тиісті жағдайлары мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Сауд тарабы Қазақстан тарабына Қазақстан Республикасы Елшілігінің обьектілерін салу үшін Сауд Арабиясы Корольдігінің Эр-Рияд қаласындағы Дипломатиялық қалашықта орналасқан аумағы 1,2 га жер учаскесін кейіннен осындай мерзімге ұзартса отырып, 49 жыл мерзімге өтеусіз жер пайдалану шартымен пайдалану үшін беруге Қазақстан тарабы Сауд тарабына Сауд Арабиясы Корольдігі Елшілігінің обьектілерін салу, пайдалану және қызмет көрсету үшін Астана қаласындағы Қарасаз көшесінде орналасқан аумағы 1,8 га жер учаскесін кейіннен осындай мерзімге ұзартса отырып, 49 жыл мерзімге пайдалану үшін айырбасқа береді.

2-бап

Хижра бойынша 1425 жылдың 5 айының 26 күніне сәйкес келетін 2004 жылғы 14 шілдедегі Дипломатиялық өкілдік және Өкіл резиденциясы үшін ұзақ мерзімді өтеусіз жалға алу шартымен пайдалану үшін жер учаскесін беру туралы келісімнің (өзаралық шартымен) 5-бабының тармағы осы Келісімнен туындаитын құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

3-бап

Сауд тарабы осы Келісімнің 1-бабына сәйкес берілген жер учаскесін үшінші тараптарға беруге құқылы емес.

4-бап

Сауд тарабы Қазақстан Республикасының қала құрылышы және сәулет саласындағы заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

5-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жер учаскелері үшінші тараптардың борыштарынан, құқықтарынан және талаптарынан еркін болып беріледі.

6-бап

Жерге орналастыру және топографиялық-геодезиялық және басқа да жұмыстар, Сауд Арабиясы Корольдігі Елшілігінің обьектілерін салу сияқты қызметтердің нақты түрлеріне арналған барлық шығыстарды, сондай-ақ ұстауға және жөндеуге, электр, газ, су және жылумен жабдықтау, басқа да нақты қызмет көрсету түрлеріне арналған шығыстарды Сауд тарабы Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтер мен тарифтерге сай дербес төлейді.

7-бап

Қазақстан тарабы инженерлік желілерді 1-бапта көрсетілген жер учаскесінің шекарасына жеткізуді қамтамасыз етеді және Сауд тарабы Астана қаласының коммуналдық құрылыштарына қосуға арналған бастапқы деректерді уақтылы ұсынғаннан кейін коммуналдық құрылыштарға барлық қажетті қосылуларды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жәрдем көрсетеді.